

Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті  
“ Адам патологиясы “ кафедрасы.

# Тақырыбы: Биологиялық текті айғақты заттарға сот медициналық сараптама талдау.

Қабылдаған: Жуманазаров Н.А  
Орындаған: Сайдалиев Ж  
Тобы: ЖМ-310



# Жоспар

- Кіріспе
  - Негізгі бөлім
  - 1. Сот медицинасында биологиялық объектілер туралы түсініктер.
  - 2. Қанның сот-медициналық зерттеу ерекшелігі.
  - 3. Шәует дақтарын Сот-медициналық зерттеу.
  - 4. Шаш талшықтарына жүргізілетін сот-медициналық сараптамалар.
- 
- Қортынды
  - Пайдаланған әдебиеттер

# Кіріспе

- Қазақстан Республикасының Қылмыстық істер жүргізу кодексіне сәйкес, қылмыс құралы болған немесе қылмыс іздері сақталған заттар, айыпталушының қылмысты әрекетінің объектілері болған заттар айғақты заттар болып табылады. Сот медициналық зерттеу жүргізілуге тиісті заттарға адам мен жануарлар организмдерінің бөліктері мен олардан шығатын биологиялық заттар жатады.
- Бұл объектілер өздігінен де түрлі заттардағы(киім кешектер, аяқ киім, жиһаз, т.б)заттардағы іздер түрінде зерттелуі тиіс.

- ▣ Сот медициналық зерттеу жұмыстарын арнайы дайындықтан өткен мамандар ғана орындауы мүмкін
- ▣ Сот медицинасында биологиялық объектілерге жататындар
  - ▣ - қанның іздері және сұйық қан;
  - ▣ - шаш(қылшықтар);
  - ▣ - бөлінділер (шәует(сперма), сілекей, тер, несеп, нәжіс);
  - ▣ - сүйек, тырнақ, бұлшық ет және өзге де тіндер және тағы басқалар жатады.



- Сот-медициналық цитологиялық сараптама объектілері жануар тектес оқшауланған жасушалары мен тіндерінің микробөлшектері болып табылады .
- Олардың ерекшелігі барлық биологиялық объектілер тұрақсыз болып табылады және - жоғары ылғалдылық әсерінен олар тез шіриді және бұзылады. Осыны ескере отырып, дәлелдемелер мен объектілер – үлгілерді мұқият кептіріледі және үй жағдайында жылу көздерінен алыс және тікелей күн сәулесінің әсер етуінен сақталуы тиіс.




# Қан дақтарын зерттеу

- Қан дақтарын зерттеу айғақты заттарға сараптама жасаудың ең жиі кездесетін түрі болып табылады және осындай барлық сараптамалардың 80% -іне жуығын қамтиды. Қан дақтарына сот медициналық сараптама жүргізудің ерекше ауыр қылмыстарды:
- кісі өлтіру
- зорлауды
- денеге жарақаттар
- салуды тергеген кезде
- зор маңызы бар.



# Қан дақтарын көлемі мен пішіні жағынан мынадай түрлерге бөлуге болады:

- 1 қан тамшысының жалпақ жерге тамғандағы дақтар;
- 2 қан тамшысының еңіс беткейге шашырауынан неме тамуынан түскен дақтар;
- 3 қанның аққан іздері;
- 4 қан ластаған және жұққан жерлері ;
- 5 саусақтардың табанның жәні басқа заттардың таңбалары;
- 6 түрлі заттарға сіңіп қалған дақтар;
- 7 жайылған қан;
- 8 қан жуылған су мен басқа д сұйықтықтардағы қан іздері (жуынды сулар);



# ВИДЫ КРОВЯНЫХ СЛЕДОВ



**Капли**



**Потеки**



**Брызги**



**Капельное  
разбрызгивание**



**Луна  
горизонтальная**



**вертикальная**



**Помярки**



**Отпечаток**



- Қан іздерінің көлемі мен пішініне қарап, олардың қалай пайда болғаны тұралы оқиғаның белгілі бір мән-жайы тұралы пікір айтуға болады. Мысалы: жалпақ жерге тамған қан тамшысының шашырау дәрежесіне қарап оның қандай биіктіктен тамғанын байқауға болады. Ал қан еңіс беткейге тамғанда ол леп белгісі сияқты көрінеді, оның сүйір ұшы тамшының тамған жағына қарап тұрады. Қан ластаған және жұққан жерлер қан тиген қолмен әлдебір заттарды ұстағанда, қан ізін сүлгімен сүрткенде пайда болады. Қанның жайылуы оқиға болған жерді қарардан бұрын көп қан аққандығын дәлелдейді.



# Қан іздерін зерттеген кезде сараптаманың шешуіне қойылатын негізгі сұрақтар мыналар:


- 1 дақта қан бар ма?
- 2 ол адамның қаны ма әлде жануардың қаныма? (қанның түрі)
- 3 қан қай топқа жатады? Қанның белгілі адамдыкі екенін бекерге шығару
- Қосымша( керек болған жағдайларда)
- -қан іздері қашан түскенін анықтау
- -қанның неден аққанын анықтау
- -аққан қан мөлшерін анықтау

# Шәует дақтарын зерттеу

- Шәует іздерін зерттеу сот медицина лабораторияларының жұмысында елеулі орын алады. Шәует іздерін анықтауға жәбірленушінің немесе айыпталушының киімдері көбірек түседі. Сонымен қатар жәбірленушінің жатырынан алынған жұғындылармен тампондар зерттеуге жіберіледі. Дақтарды зерттеудегі негізгі қарастырылатын мәселелер:
  - 1 шәуеттің белгілі адамдыкі екенін немесе жоққа шығару;
  - 2 топтық ерекшелігін анықтау;



- Айғақты заттардан шәует дақтарын табу оңай бола бермейді. Ультракүлгін сәулемен зерттеу бұл істерді оңайлата түседі сонымен қатар негізгі әдістердің бірі **Флоранс реакциясы** - ерекше кең қолданылады ( шыныға зерттеуге алынған дақтың кесіндісін орналастырып, оған 2-3 тамшы реактивті ( 1.65g калий йодид+2,45г йод кристалдарын и 30 мл дистирленген су ) қосып микроскоппен зерттелінеді. Егер дақта шәует болатын жағдайда йод кристалдары қоңыр түске айналады және пішіні Y түрінде көрініс береді.




- Дақтарда шәуеттің барын дәлелдеу үшін сперматозоидты табатын морфологиялық зерттеу қолданылады. Оларды анықтауға ұсынылған әр түрлі әдістерді негізінен екі топқа бөлінеді:
- 1 шәуетті дақтан алмай іріктеп бояу арқылы зерттеу (Корен Стокис бойынша – кесінді препаративтік иненің көмегімен аммиак ерітіндісінен ажыратылып соң эритрозинмен боялады соң бояу жуып тасталып нәтижені 600 есе үлкейтетін микроскоппен қарап көруге болады)
- 2 шәуетті дақтан алғаннан кейін бояп зерттеу (флюоресценттік микроскопия)



# Қылшықты зерттеу(шаш)

- Қылшықтар сот-медицина лабораторияларында қандақары мен шәуеттерден едәуір азырақзарттеледі. Барлық сараптамалардың үштен бірінде автомашиналар мен басқа да көлік құралдарынан табылған қылшықтарға зерттеу жүргізіледі. Сот-медицина лабораторияларына әдетте оқиға болған жерден айыпталушы мен жәбірленушінің киімінензақым салғанда қару ретінде пайдаланылған әр түрлі заттардан табылған қалшықтар жеткізіледі.



# Сот медицина лабораториясында қылшықтарды зерттеудің мақсаты

- 1 оның шын мәнінде шаш екенін
- 2 қылшықтық қай түрге жататынын
- 3 қылшық адам денесінің қай жерінен алынғанын
- 4 қылшықтағы зақымдар мен өзгерістерді
- 5 оның нақ кімдікі екенін анықтау мақсатында зерттеледі



- Қылшықтарды лабораторияларда зерттеу жай көзбен қарап тексеруден басталады және ол кезде шаштың түр түсі ұзындығы және басқада көзге көрінетін ерекшеліктері атап өтіледі. Сонан соң әр бір қылшық микроскоппен зерттеледі. Өзегінің сипаты мен қалай көрінетіні түсі қабығындағы пигмент топтарының мөлшері мен бөлінуі, түп жағы мен шет жағының ерекшеліктері ,зақымдалуары мен өзгерістері анықталады.
- Бұрандалы окулярлық микрометрдің көмегімен оның жуандығы өлшенеді.



- Кейбір жағдайларда қылшықтың жұлып алынған немесе өздігінен түскенін анықтауға тура келеді. Жұлынып алынған қылшықтың буылтығы тірі болады және түп жағында қынап қабықтарының үзінділері сақталады, ал өздігінен түскен қылшықтың буылтығы құрғақ, семген болады, қынап қабықтары болмайды. Зақым келтіретін әр түрлі факторлар қылшықтарды өзіне тән өзгерістерге ұшыратады. Ондай өзгерістерге жататындар:



- Мысалы; доғал заттармен соққан кезде, зақымдалған жердегі қылшық жанышталуы мүмкін, бұл орайда ол жалпайып, талшықтанып кетеді. Өткір қарумен кесілген қылшықтардың беті тегіс болады немесе сәл иректеліп тұрады. Егер қылшық қатты жұлынып алынса, жұлынған жері тегіс ал жайлап жұлынса, саты сияты болады. Оттың әсерінен зақымдалған жағдайда қылшық сұрғылт тартып, колба тәрізді қомпиіп кетеді микроскоппен қарағанда одан ауа көпіршіктері көрінеді.

- Қылшықтардың ұқсастығы туралы мәселені шешу көбінесе маңызды және өте күрделі жұмыс ретінде қарастырылады. Кейбір жағдайларда қылшықтар өте ұқсас болып келуі мүмкін, оларды ажырату үшін қылшықты дененің бірдей бөліктерінен алу керек. Анықтау барысында: ұзындығы, пішіні, түсі, жуандығы т.б ескеріледі . Сондай ақ бұл мақсаттар үшін алуан түрлі физикалық , химиялық және биологиялық әдістердің нәтижелері пайдаланылады.




Рис. 42. Волосы: а) человека, б) животного



Рис. 43. Кутикула волос: а) человека, б) животного

# Басқада биологиялық объектілерді зерттеу

- Ондай объектілерге: адамның ұлпалары мен мүшелерінің бөлшектері, сілекей , несеп, тер, нәжіс іздері және т.б лар жатады.
- Мұндай жағдайларда негізгі зерттеу әдісі гистологиялық зерттеулер болып табылады.
- Ұлпалар мен мүшелердің түрін салыстыру анатомиялық зерттеудің көмегімен анықталады ,ал жағдай айқын болмаса серологиялық реакциялар жүргізіледі.



# Бөлінетін заттардың дақтарын зерттеу

- Бұл сараптама айғақты заттарда белгілі бір бөлінген заттар іздерінің болуын анықтаудан басталады. Сілекей дақтарын дәлелдеу үшін амилаза табуға негізделген әдіс қолданылады, өйткені бұл фермент сілекейдің негізін құрайды. Дақтардағы несепті анықтау- мочевианы немесе креатининді анықтау жолымен жүргізіледі, ал тердің болуы- амин қышқылы серинді зерттеу арқылы анықталады т.с.с нәжіс, құсық, меконий, ірімтік жұғынды, қағанақ сұйығы, лохия, сүт дақтары микроскоппен зерттеліп әрбір элементке тән морфологиялық элементтерді табу арқылы анықталады.

# Қортынды

- Сот медицинасында болған жағдайды анықтауда биологиялық текті айғақты заттар негізгі мәліметтерді жинауда үлкен маңызға ие. Сондықтан оқиға болған жерді зерттеу барысында, биологиялық айғақты заттарды мұқият жинап алып, зерттеуге алынған объектілерді толығымен зерттеу жұмыстарын жүргізу керек.

- Негізгі әдебиеттер:
- 1. Волков В. Н., Датий В. А. Сот медицинасы: дәрістер (Курсы): Оқу құралы жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған.- М.: Юристъ, 2. Гурочкин Ю. Д., Витер В. И. – М.: Құқық және заң ХХІ, 2004.
- 3. Самищенко с. С. Сот медицинасы: Учебник для юридических вузов.- М., " Құқық және Заң, 4. Сот медицинасы: Учебник для вузов/ под ред. в. В. Томилина.- М.: ИНФРА – Норма, 5. Судебная медицина. Оқу-әдістемелік кешені / С. Ф. Шадрин, С. И. Гирько, В. Н. Николаев және т. б. – М.: Изд-во Эксмо, 2005.
- 6. Пауков В. С., Живодеров Н.Н. Сот медицинасы және сот психиатриясы: Оқу құралы.- М.: ГЭОТАР 2000